

ҒЫЛЫМИ ӨМІР SCIENTIFIC LIFE НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Д. Байгунаков

тарих ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

БИБИЗИЯ КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ ҚАЛШАБАЕВА – 60 ЖАСТА

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, этнолог Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаеваны әріптестері ғалым, әдіскер-маман, педагог-ұстаз деп біледі. Мұндай ыстық ықылас пен ілтипатқа ол қажырлы еңбегінің арқасында жетті және де биылғы жылы мерейлі 60-жасқа толуда. Сол себепті де ғалым әрі ұстаз, әдіскер-маманның ғұмырнамасына және ғылыми-педагогикалық ізденістеріне шолу жасап кеткен жөн.

Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева 1960 жылы 4 маусымда Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы Сарыағаш ауданы, Полторацкое ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Сарыағаш ауданы, Бағыс ауылындағы Ғ. Мұратбаев атындағы сегіз жылдық мектепті, 1977 жылы Ақжар селосындағы (бұрынғы Степное) Тельман атындағы орта мектепті тәмәмдаған. Мектеп қабырғасында жүріп өзінің белсендігімен көзге түскен, мектепшілік конкурстарға, пәндік олимпиадаларға қатысып отырған. Жоғары сыныптарда бірнеше рет оқушылар арасында өткізілген пәндер бойынша жарыстардың жеңімпазы болған.

1982 жылы ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі эл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетіне оқуға түседі де, оны 1987 жылы бітіріп шығады. Университетті тәмәмдағаннан соң 1987 жылы Б.К.Қалшабаева ҚазКСР Білім және ғылым



министрлігі жолдамасымен Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтқа оқытушы қызметіне қабылданады. Жаңа ортаға бейімделіп, осында жүріп 1987-1990 жылдары оқытушылық қызмет атқарды. 1990 жылы эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология және этнология кафедрасының тағылымдамашы-зерттеушісі болды, 1991-1993 жылдары аспирантурасына оқуға түсті. 1993 жылдан бастап кафедраға аға оқытушы болып жұмысқа тұрып, осында қазірге дейін қызмет етіп келеді.

Ол 1994 жылы 24 маусымда эл-Фараби атындағы ҚазМҰУ тарих, археология және этнология факультетінің жанындағы Диссертациялық кеңестің мамандандырылған мәжілісінде «07.00.07 – Этнография, этнология және антропология» мамандығы бойынша «Өзбекстандағы қазақтар (солтүстік-шығыс аймағы деректері бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева бірқатар далалық этнографиялық экспедиция құрамында жұмыс істеді, әлденешеуін басқарды. Мәселен, 1995-1996 жылдары, 1996-1997 жылдары Түркістанның 1500 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу экспедициясының далалық ізденістеріне қатысты. Кейіннен түмен аңыздан тұратын осы тарихи шөһар материалдары бойынша «Түркістан қаласының этномәдени үдерістері» деген тақырыптағы монографияның жарыққа шығуына көп еңбек сіңірді. Сондай-

ақ 1998 жыл Б.К. Қалшабаева Алматы облысына ұйымдастырылған кешенді экспедицияны басқарды.

Бибизия Кенжебекқызы 2005 жылы 9 қыркүйекте тарих мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған.

2010 жылы 25 қарашада Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы Диссертациялық кеңестің мәжілісінде Б.К. Қалшабаева «07.00.07 – Этнография, этнология және антропология» мамандығы бойынша «Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Кейіннен бұл ізденісі жеке монография түрінде баспадан жарияланды.

Айта кету керек, Б.К. Қалшабаева 2007-2009 жылдары ҚР БЖҒМ қолданбалы зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ халқының мәдени мұраларын жинау, сақтау және насихаттау мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жауапты орындаушысы болды. Б.К. Қалшабаева 2012-2014 жылдары ҚР БЖҒМ іргелі зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ диаспорасы мен репатрианттардың этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жетекшісі болып, бірнеше этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Олардың арасында «Түркия қазақтары-2012», «Алматы облысындағы оралмандар-2013», «Ақмола және Павлодар облыстарындағы оралмандардың тарихи Отанға бейімделуі-2014», «Оңтүстік Қазақстан облысының мәдени мұраларын жинау-2014» тақырыптары бойынша ұйымдастырылған этнографиялық далалық экспедицияларды атауға болады. Олардың барлығын өзі басқарып отырды. Нәтижесінде тақырыптарына қажетті тың этнографиялық деректемелерді тауып, ғылыми айналымға қоса алды.

Б.К. Қалшабаева көптеген ғылыми жобаларға қатысты, орындаушы болды. Мысалы, «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық», «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті» секілді бірқатар стратегиялық жобалар мен бағдарламалардың орындаушысы болып, жекелеген ғылыми тақырыптардың зерделене түсуіне жәрдемін тигізді. Сондай-ақ, кезінде ҚР БЖҒМ «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асқан Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 20 томдық «Отан тарихы» атты ғылыми жобасының «Қазақ диаспорасы» тақырыбы бойынша орындаушы болды, ал 2018-2020 жылдары осы аталған институт

жетекшілігіндегі «Қазақстандағы субэтностар» ғылыми жобасына қатысып, өзіне тиесі тараулар мен тараушаларды, бөлімдерді жазып берді.

Сонымен қатар, Б.К. Қалшабаева ғылыми жобалар барысында қол жеткізілген нәтижелерді дер кезінде өндіріске кіріктіре алуымен ерекшелінетін педагог-маман болып табылады. Ол «Археология және этнология» мамандығының магистратура, докторантура салалары бойынша оқу үдерісіне ондаған пәндерді енгізді. Олардың арасынан «Қазақстандағы репатрианттар», «Қазақ диаспорасының мәдени мұралары» секілді көптеген пәндерді атап кетуге болады.

Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева жалпы алғанда 200-ден астам ғылыми еңбектер жариялаған. Олардың арасында 5 монография (екеуінде телавтор), 5 оқу құралы, 3 оқу әдістемелік құралы бар. Екі монографиясы ағылшын тілінде шыққан, екінші басылымы ГФР елінде жарық көрген. Шетелдерде де бірнеше ғылыми форумдарда, журналдарда мақалалары жарияланған. Соның ішінде АҚШ, Франция, Румыния, Индия, Түркия, РФ, Болгария, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Эстония, т.б. елдердегі басылымдарда 30 шақты мақалаларын жариялаған болатын. Мұндай бағыттағы жұмыстарын әлі де жалғастырып келе жатыр. Әсіресе Tomson Reuters және Scopus базасына енетін журналдарға шыққан мақалалары ғылыми құндылығымен ерекшелінеді.

Оның «Орталық Азиядағы қазақтар» (2011), телавторлық «Түркия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» (2013) сынды монографиялары, «Теориялық этнология» (2016), «Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясы» (2017), «Әлем халықтарының этнографиясы» (2017) секілді оқу құралдары әріптестері тарапынан жоғары бағаланған.

Ол қазақ этнографиясы, көпұлтты аймақтардағы ұлтаралық қатынастар, шетелдегі қазақтардың тарихы мен өзекті мәселелері, қазақ диаспорасы мен репатрианттары, олардың тарихи Отанға бейімделуіндегі күрделі мәселелер, Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени үдерістер секілді түрлі тақырыптарды қарастырып жүр.

Әлбетте, Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаеваның ерен еңбегі босқа кеткен жоқ. Оның еңбегі әрдайым әріптестері мен басшылық тарапынан бағаланып отырды. Бірнеше рет университет декандары мен ректорлары тарапынан алғыс хаттармен, мадақтамалармен марапатталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры жарлықтарымен 2009 жылы «Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ 75 жылдығы» медалімен, 2014 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 80 жылдығы» медалімен марапатталған болатын.

Көпжылдық ғылыми және педагогикалық қызметі министрлік тарапынан да бағаланды. Ол 2013 жылдың желтоқсанындағы ҚР БЖҒМ жарлығымен «2013 жылдың үздік оқытушысы» атағының иегері болды. Ал 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Құрмет грамотасымен марапатталған еді.

2018 жылы Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев «2018 ж. 14-15 наурыз Атырау қаласы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында өткен «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» Халықаралық форумының жоғары деңгейде өтуіне белсенділік танытып қолдау көрсеткені үшін Алғыс хат жіберген.

Бүгінгі күні Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева мерейлі 60-жасқа толып отыр. Кафедра мүшелері, деканат, әріптестері және шәкірттері оны шын жүректен құттықтайды. Оған зор денсаулық, таусылмас табыс тілейді!